



# Америка Құрама Штаттары

- Жерінің ауданы – 9 млн 393 мың км<sup>2</sup>
- Халқы – 290 млн адам (2005 ж.)
- Астанасы – Вашингтон
- Мемлекеттік құрылымы – федерациялық республика
- Мемлекеттік басшысы – президент
- Заң шығарушы органы – конгресс
- Мемлекеттік тілі – ағылшын тілі
- Ұлттық валютасы – америка доллары
- Әкімшілік-аумақтық бірлігі – штаттар және федералдық округ

**Америка Құрама Штаттарының  
мемлекеттік туы.**





Америка Құрама Штаттары дүние жүзінде ең ірі мемлекеттердің бірі. Ол жерінің ауданы жөнінен Ресей, Канада, Қытайдан кейінгі төртінші орын алады. АҚШ 50 штаттан тұрады.

АҚШ аумағының негізгі бөлігі Солтүстік Америка материгінде орналасқан, сондай-ақ Тынық мұхиттағы Гавай аралдары да елдің құрамдас бөлігі болып табылады. АҚШ жері бес сағаттық белдеуде жатыр:

- батыстан шығысқа қарай тынықмұхиттық
- таулық
- орталық
- шығыс
- атлантмұхиттық уақыт



## Табиғат жағдайылары

АҚШ аумағының жер бедеріне айқын ажыратылатын бірнеше бірнеше орографиялық бірліктен тән. Батыста Кордильера тау жүйесі орналасқан. Кордильерарыңел аумағындағы ең биік нүкиесі – Аляска жотасындағы Мак-Кинли тауы (6193м) . Шығысында аласа Аппалач тауы орналасқан. Орталық бөлігінде Ұлы және Орталық жазықтар орналасқан.

АҚШ жерінің климаты алуан түрлө. Алясканың солтүстігінде қаңтарда ауа райы температурасы  $-60^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендесе, оңтүмтігінде Өлім аңғалында Шілде айында  $+57^{\circ}\text{C}$ -қа жетеын температура байқалған.

АҚШ жеріне табиғат апаттары да тән. АҚШ-тың батысындағы таулы аудандарында жер сілкіністірі болып тұрады. Орталық бөлігінде ауаның қарқынды алмасу нәтижесінде болатын күшті желдер және құйынды дауылдар – торнадо жиі байқалады. Максимум жалдамдығы сағатына 800 км-ге жетеді.

АҚШ арқылы Солт. Америкадағы ең ірі өзен Миссисипи ағып өтеді. Елдің Қанадамен шекаралас аймағында Ұлы көлдер орналасқан.

Ормандар аумағы қысқарған, қазіргі кезде АҚШ аумағының 25%-ын ормандар алып жатыр.



## Табиғат ресурстары

**АҚШ жері табиғи ресурстарға да өте бай. Минералды шикізат түрлері кең тараған.**

**Пайдалы қазбалары:** Тас көмір, Қоңыр көмір мұнай, табиғи газ, темір кені, Вольфрам кені, молибден кені алюминий кені, полиметал кені, мыс , қалайы кені, алтын, платина, уран кені, фосфориткалий тұзы.

- Энергетикалық ресурстар
- Агроклиматтық ресурстар
- су ресурстарына да бай.



# Халқы

АҚШ жалпы саны (290млн адам) жағынан үшінші орын алады. АҚШ халқы ұдайы өсуі жөнінен қазіргі заманғы типке жатады: туу өте төмен (14,2‰), өлу коэффициенті 8,6‰, яғни халықтың орташа жылдық өсуі 5,6‰-ге тең. Елдегі адамның өмір жасының орташа ұзақтығы еркектерде 75 жас, әйелдерде 80 жас.

АҚШ — көп ұлтты ел. Ресми түрде ел азаматтары шыққан тегіне қарамастан, америкалықтар деп аталатын біртұтас ұлтқа бірігеді. Нәсілдік ерекшеліктеріне қарай 3 топқа ажыратылады.  
(1-сызбанұсқа)

1-кесте. Нәсілдік ерекшеліктеріне қарай америкалықтардың үлесі



# Шаруашылығы

АҚШ шаруашылығы жедел дамуда, оның үлесіне жалпы дүние жүзінде өндірілетін өнімнің 1/5 бөлігі, өнеркәсіп өнімінің 15%-ы тиеді. АҚШ экономикасының даму дәрежесі 1-сызбанұсқа.

Бүкіл дүние жүзінде өндірілетін мұнай өнімінің 20%-ы тиесілі.

**Өнеркәсібі.** Елде

- металлургия,
- отын-энергетика,
- машина жасау өнеркәсібі,
- автомобиль жасау,
- электрондық және электр техникасын жасау өнеркәсібі,
- химия өнеркәсібі,
- жеңіл өнеркәсібі
- тоқыма өнеркәсіп күшті дамыған. АҚШ аумағында өнеркәсіпті қалалар шоғырланған ірілі-ұсақты өнеркәсіпті аудандары өз кезегінде өнеркәсіптік белдеуларді құрайды. (2-сызбанұсқа)

1-сызбанұсқа. Елдің экономикалық даму деңгейі

Еңбек өнімділігі


Экспорттағы ғылымға негізделген өнімнің үлесі

Экономикалық даму дәрежесі

Өнеркәсіптегі ғылымға негізделген өндірістің үлесі

Тауарлар мен қызмет көрсетудің әлемдік нарыққа бәсекелесуі

2-сызбанұсқа. АҚШ-тың өнеркәсіп белдеулерінің ел шаруашылығындағы үлесі



Солтүстік

Оңтүстік-Шығыс

Мексика шығанағы жағалауы (Галф)

Калифорния





## Экономикалық аудандары

*Тарихи-мәдени ерекшеліктері мен әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне қарай, АҚШ аумағында 4 экономикалық аудан қалыптасқан.*

*Аудандар жайлы қысқаша деректер 1 кестеде көрсетілген.*

*1 кесте. АҚШ-тың басты экономикалық аудандары*

Аудандары	Аумағының ел аудандағы үлесі, %	Тұрғындарының аудандарда орналасуы,	Қала халқының үлесі, %	Жан басына шаққандағы жылдық табыс, мың доллар
Солтүстік-Шығыс	5	22	79	23,2
Орта Батыс	21	27	74,7	19,4
Оңтүстік	25	32	68,6	18,0
Батыс	49	19	86,3	20,0
Жалпы АҚШ	100	100	75,2	19,8



## Туристік объектілері

АҚШ-та қабылданатын шетелдік туристердің саны жөнінен дүние жүзінде алдыңғы орын алады. Жылына мұнда 50 млн-нан астам шетелдік туристер келеді.

Әсіресе АҚШ-тағы табиғаты ерекше аудандарға туристер жиі барады. Соның бірі **Йеллоустон ұлттық саябағы**. Жалпы алғанда, қазіргі кезде АҚШ жерінде 50-ден аса ұлттық саябақ бар.

Колорадо каньоны әлемдегі ғажайып табиғат ескерткіші болып табылады. Колорадо өзенінің мыңдаған жылдар бойы қатты жартастарды егеуінен пайда болған бұл каньонның тереңдігі – 1800 м-ге, ұзындығы – 350 км, ені кейбір бөліктерде 25 км-ге жетеді.

Канада шекарасындағы Онтарио және Эри көлдері аралығында орналасқан **Ниагара сарқырамасы** - әлемдегі ең әдемі сарқырамалардың бірі.

Колифорнияның оңтүстігінде ертегі патшалығы - **Диснейленд** саябағы бар. Бұл саябақтан ертегі көріністері мен оның кейіпкерлерін және әлемнің әртүлі елдің табиғатымен, халқының тұрмысымен танысуға болады.

## Сыртқы экономикалық байланыстары.

Қазіргі кензде халықаралық сауда қатынастарында АҚШ пен Канаданың үлесіне экспорттық-импорттық операциялардың 16%-ы тиесілі.

АҚШ, Канада, Мексика, арасында Солтүстік Америкалық еркін сауда аймағын (НАФТА) құрылды. Қазірдің өзінде Канаданың АҚШ-қа шығаратын өнімі елдің жалпы экспортының 84%-ын құрайды, АҚШ үлесіне Мексика экспортының 73%-ы тиесілі. Өз кезегінде АҚШ экспортының 23%-ы Канадаға, 12%-ы Мексикаға бағытталған.

АҚШ-тағы аса ірі “Форд”, “Дженерал моторс”, “Кока-кола”, “Проктер энд Гэмбл” және т.б. компаниялардың Еуропа елдерінде ондаған кәсіпорындары бар.

Қазақстанға 1993-2000 жылдары келіп түскен тікелей инвестициялардың 34%-ы АҚШ үлесіне тиесілі болды, ал оның жалпы көлемі 4 млрд 207 млн АҚШ долларын құрады. Қазақстанда АҚШ-пен бірлескен кәсіпорындар саны 2005 жылы 547-ге жетті.

